

Аудан әкімі А. Смайыловтың ҚР Тәуелсіздік күнімен құттықтауы

Құрметті бұландылықтар!

1991 жылғы 16 желтоқсан – төл тарихымыздағы мерейлі белес. Бұл – егемен ел болуды аңсаған ата-баба арманы ақиқатқа айналған ұлы күн.

Тәуелсіздік күнінің айрықша мән-мағынасы бар. Азаттық үшін арпалысқан ұлт перзенттерін ел жадында мәңгі сақтау – қасиетті парымыз. Олардың отаншылдық қасиеті – бүгінгі және болашақ ұрпаққа әрдайым үлгі-өнеге.

Тәуелсіздік – баға жетпес байлық. Бәріміз оны көздің қарашығындай сақтауымыз керек. Мемлекетіміздің егемендігін, еліміздің амандығы мен жеріміздің тұтастығын қорғау – әр азаматтың қастерлі борышы.

Біз ауқымды саяси және экономикалық реформаларды қолға алып, елімізді жаңғыртудың жаңа кезеңіне қадам бастық. Бұл бастамаларды табысты жүзеге асыру – әрқайсымыздың қолымызда.

Баршаңызды Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын! Сіздерге зор денсаулық, бақ-береке тілеймін!
Қазақстанымыз өркендей берсін!
Қасиетті Тәуелсіздігіміз мәңгі болсын!



Құрметті аудан тұрғындары мен қонақтар!

Аудандық мәслихаттың депутаттық корпусының атынан және өз атынан сіздерді ұлы және маңызды мереке – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен құттықтаймын!

16 желтоқсан – бұл біздің еліміз бостандық, тәуелсіздік және өркендеу жолында маңызды қадам жасаған күн. Бұл күн тек саяси тәуелсіздіктің ғана емес, ұлттық бірліктің, рухани күштің және барлық қазақстандықтар үшін жақсы болашаққа ұмтылыстың символына айналды.

Тәуелсіздіктің бүкіл кезеңінде Қазақстан көптеген қиындықтарды жеңді, бірақ халықтың бірлігі, басшылардың даналығы мен әрбір азаматтың табандылығының арқасында біз түрлі салаларда елеулі табыстарға қол жеткіздік. Біздің еліміз әлемдік аренада барған сайын танымал бола түсуде, экономика нығайып келеді, мәдениет, ғылым, білім және медицина дамуда.

Осы мереке күні әрбір қазақстандыққа денсаулық, бақыт және амандық тілеймін. Біздің Отанымыз жыл сайын табысты және күшті бола отырып, дамуын жалғастыра берсін. Үйірімізде әрқашан махаббат, құрмет және өзара түсіністік орнасын.

Құрметпен, аудандық мәслихат төрағасы **Н. СЕКСЕНОВ**.

Уважаемые жители и гости района!

От имени депутатского корпуса районного маслихата и от себя лично поздравляю вас с великим и значимым праздником – Днем независимости Республики Казахстан!

16 декабря – это день, когда наша страна сделала важнейший шаг на пути к свободе, независимости и процветанию. Этот день стал символом не только политической самостоятельности, но и национального единства, духовной силы и стремления к лучшему будущему для всех казахстанцев.

В течение всего периода независимости Казахстан преодолел множество трудностей, но благодаря единству народа, мудрости руководителей и стойкости каждого гражданина, мы достигли значительных успехов в различных сферах. Наша страна становится все более узнаваемой на мировой арене, укрепляется экономика, развиваются культура, наука, образование и медицина.

В этот праздничный день хочу пожелать каждому казахстанцу здоровья, счастья и благополучия. Пусть наша Родина продолжает развиваться, становясь с каждым годом все более успешной и сильной. Пусть в наших домах всегда царят любовь, уважение и взаимопонимание.

С уважением, председатель районного маслихата **Н. СЕКСЕНОВ**.

Славен человек трудом на родной земле!

Сельское хозяйство – одно из основных направлений экономики района. Буландынский район имеет крепкий аграрный потенциал, благодаря реализации государственных программ сфера получает развитие. Высокие результаты в сфере аграрного производства достигаются благодаря целеустремленности и трудолюбию работников сельскохозяйственной отрасли. Любовь к своей родной земле и желание созидать на ней отличают людей, которые трудятся в этой сфере. Профессиональный праздник тружеников аграрного производства – День работников сельского хозяйства и перерабатывающей промышленности ежегодно отмечается в третье воскресенье ноября, после завершения уборочных работ. В последние годы, в связи с погодными условиями, работы на полях затягиваются, поэтому и завершение их приходится почти на декабрь.

Торжественное мероприятие этого года, как в предыдущие годы, прошло в непринужденной, уютной обстановке – в формате праздничного ужина, которое позволило виновникам торжества отвлечься от трудовых будней, отдохнуть от суеты, послушать красивую музыку и провести время в приятной компании коллег. Глава района Ардак Смаилов, присутствовавший на празднике, выразил особую благодарность людям, которые связали свои судьбы с сельским хозяйством, внесли значительный вклад в развитие отрасли, тружеников, которые стоят на страже продовольственной безопасности региона и страны, отметив, что труд сельчан благороден и велик, достоин огромного уважения и поддержки. Слов признательности и уважения были удостоены ветераны сельскохозяйственной отрасли, ведь развитие сферы немислимо без передачи опыта, преемственности поколений аграриев. А сколько трудовых династий работает в аграрном секторе, передавая лучшие традиции через поколения.

Теплые слова, добрые пожелания,

награды и напутствия, музыка, овации и внимание. Этот день, действительно, подарил массу ярких эмоций и впечатлений, создавая большую мотивацию для дальнейшей работы.

Церемония награждения стала самой волнительной и яркой частью торжества. Проведена она была в несколько этапов: награды виновники праздничной даты получили из рук акима района Ардака Смаилова, председателя Союза фермеров Казахстана по Буландынскому району, ветерана сельского хозяйства Амангельды Камелинова и депутата областного маслихата, директора ТОО «ХПП Арна» Клары Мендыбаевой.

А. АМАНЖОЛОВА.
Фото А. Калиевой.



Дүниежүзілік еріктілер күні: аудан жастары марапатталды

Аудан әкімі Ардақ Смаилов Халықаралық еріктілер күні аясында ауданымыздағы бірқатар еріктілерді марапаттады.

5-желтоқсан – Дүниежүзілік еріктілер (волонтерлер) күні. БҰҰ Бас Ассамблеясының 1985 жылы жасаған ұсынысымен жыл сайын 5 желтоқсанда аталып өтеді.

Еріктілер – бос уақыттарын қоғам игілігі үшін жұмсайтын адамдар тобы. Ақысыз қызмет етушілердің жұмысын әрбір саладан түрлі бағытта көруге болады.

Мысалы, мұндай адамдар қоғамдық аумақтарды тазалауға, әлеуметтік компаниялардың плакаттары мен кітапшаларын таратуға, туған қалалары бойынша экскурсия жүргізуге, халықаралық

спорттық шараларда аудармашылық қызметке дайын.

Сонымен қатар, еріктілер көбінесе балалар және қарттар үйіне қолғабыс етіп, апаттық жағдайлардың салдарын жою жұмыстарына қатысады.

Бұланды аудандық жастар ресурстық орталығы.



Еңбекпен есейген отбасы

Қаламыздың солтүстік батыс жағындағы еңселі үйде айналасына жан жылыуымен шуақ шашып жүретін, жылы жүзді, қартаң тартқан әжені былайғы жұрт қаламыздың ұзақ жылғы тұрғыны ретінде жақсы таниды. Балаларына ардақты, көршілеріне құрметті кейуанамен кездесу барысында, әңгімеміз қарттардың бірі Әлима әжемездің өмір өткелдері мен тыныс-тіршілігі төңірегінде өрбиді. 1937 жылы Ақмола облысы, Астрахан ауданындағы Өндіріс ауылында дүние есігін ашқан ардақты әжемездің бүлдіршін шағы мен жасөспірім жылдары сол кездегі кең байтақ елімізге азапты ауыртпашылық әкелген Ұлы Отан соғысы мен қираған шаруашылықты қалпына келтіру кезеңдерінен бастау алыпты.

Ауыл өмірінің әр саласын-



да тіршілікке ілесіп, қайсар қыз қаршадайынан колхоз жұмысына араласып, қолғабыс етті. Шаруашылықтың әр саласындағы қыруар істерде өз белсенділігін таныта білді. Соғыстан соңғы ауыр жылдарда ауыл адамдарымен бірге күйзеліп, аштықтың және тұрмыс-тіршіліктің тауқыметін тартқан күндер есінде сақталды.

Колхоз шаруашылығында талай от жалынды жастар еңбек майданының алдыңғы шебінен

көрініп жүрді. Солардың бірі Қайриден Кәрібаев болды. Бастауыш сыныптан бастап әрдайым озық оқушылар қатарынан көрінетін оқушымен ол көрші «Толқынкөл» ауылындағы сегізжылдық мектепті бірге бітірді. Ол ұзақ жылдар бойы колхоздың төрағасы ретінде ауылдағы мектеп ғимаратын жаңғыртып, үйлерге жөндеу жұмыстарын жүргізіп, қоғамдық мал қораларын салып, мәдениет үйін іске қосып, ауыл тұрғындарының құрметіне бөлгенді. Қоғамдық қызметке қабілеті бағаланып Қ.Кәрібаев Макин ауданы атқару комитеті, кейінгі жылдары Ақмола облысының атқару комитетінің төрағасы ретінде, еңбек жолын жемісті аяқтады.

Қиындықпен есейген ауыл жастары үлкен өмірге аттанды. Төрт қатарлас қыздармен Әлима Ақмол қаласындағы педучилищеге құжаттарын тапсырды. Бірақ орыс тілінен жазба жұмысының емтиханынан өтпей қалды. Ол кезде орыс тілі үстем болды. Тілді жетік игермегендер қатарында аталған бойжеткендер де болған еді.

Жұмысқа орналасу үшін қаланың кәсіпорындары өміріне араласып жүріп, сүйген жігітіне жолығып, отбасын құрды. Қаламызға көрші Шиелі ауылының азаматы Сартай Ахметжанов қалаға қоныс аударып, еңселі тұрғын үй салып отбасы өмірін бастады. Алғашқы жылдары ішкі

істер бөлімінде, соңғы жылдары темір жол станциясында еселі еңбек етті. Сүйікті жұбайлар отбасында бес бала өмірге келді. Ажал айтып келмейтінін өмір дәлелдеді. Үй иесі 31 жасында өмірден өтіп, отбасының барлық ауыр жүгі жесір ананың мойнына түсті. Мал басын өсіріп, қосымша шаруашылық жүргізіп, тапқан таянғанын сәбилерінің ауызына тосып, оларды дұрыс тәрбиелеп, білім беруге тырысты.

Кейін қаламыздағы іштен жана-



тын двигательдер үшін прощень сақиналарын шығаратын заводтың құю цехына формовщица болып жұмысқа орналасты. Еңбек өте ауыр және жауапты саналатын. Алғашқы күндері қобалжып, көп қиналды. Цех басшысы А.Сағалов, ауысым басшылары тәлімгерлер, тәжірибелі жұмысшылардың әр жақты ақыл-кеңесімен біртіндеп өз жұмысын еркін игере бастады. Құю цехында төрт жыл еселі еңбек етіп, белгілі маман жұмысшылар қатарынан көрініп үлгерді. Өндірістегі жоғары еңбек көрсеткіштері үшін мақтау грамоталары және заттай сыйлықтармен марапатталып, завод басшылығы құрметпен еңбек демалысына шығарып салды.

Ол өмірден көп қиындық көрген, бірақ қандай жылдарды басынан өткерсе де жан сұлулығын сақтап қалған асыл ана. «Экономикамыздың қарыштап дамуы нәтижесінде халқымыздың өмірі, тұрмыс-тіршілігінің саласы күн санап жақсара түскені байқалады. Еліміздің ертеңінен көп жақсылық күтеміз. Ата-бабаларымыз, халқымыз ғасырлар бойы аңсаған асыл арманы таяп қалған Тәуелсіздік мейрамы баршамызға құтты болсын»-дейді еңбек ардагері, мейірімді әжеміз Әлима Ахметжанова.

Еліміздің туы биік, аспаны ашық, халқымыздың бірлігі мен достығы нығая берсін деген батасы мен тілегі қабыл болсын дейміз. Денсаулығыңыз жақсы, күніңіз шуақты болсын қадірменді Әлима әже.

Т. ЖҮСПЕКОВ.

Құттықтаймыз!

Бұланды аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының білікті басшысы, азаматтық ұстанымы жоғары белсенді тұлға Дәметкен Ибрашқызы Мұхаметжанованы 61 мүшел жасына келуімен, бейнетінің зейнетін көретін парасатты өмір белесіне аман-есен жетуімен шын жүректен құттықтаймыз!

Дәметкен Ибрашқызы, Сізді өмірден тоқығаны мол, кең ойлап, қамқор қолын ұсынып жүретін парасатты басшы, жанашыр әріптес, сөзіне де ісіне де адал жан деп білеміз. Өзіңіз еңбегіңізді арнаған саланы дамытуға сіңірген белсенді қызметіңіз, озық ойлайтын кемел қабілетіңіз тәтті етпей қоймайды. Денсаулық сақтау саласында көп жылдар бойы өнегелі еңбек етіп, тындырымды істер атқарып келесіз. Әріптестеріңізге осы бір маңызды саланың қыр-сырын үйретуден жалыққан емессіз. Бүгінде ұжымымыз Сізді үлкен абырой-беделге ие болған тәжірибелі басшы, үздік маман ретінде құрмет тұтып сыйлайды.

Денсаулығыңыз мықты, жүзіңіз жарқын, ғұмырыңыз ұзақ та мағыналы болсын деген ізгі ниетпен Сізге бақыттың баяндысын, дәулет-ырыстың, табыс-тартулардың тау суындай таусылмасын тілейміз. Өрқашан мерейіңіз үстем, мәртебеңіз биік болсын!

Ізгі ниетпен, Бұланды аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының ұжымы.



Тәлімі мол тартысты жарыс

Бұланды ауданының жастар ресурстық орталығы және Бұланды ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімімен бірлесіп дойбыдан турнир өткізді. Халық арасында бұқаралық спортты насихаттау, жастарды ақыл ой спортына тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылған турнирге ауданымыздың барлық жастағы дойбышылары қатысты. Арасында аудан намысын облыстық дойбы жарыстарында қорғап жүрген дойбышылар да болды. Жарыс тартысты өтіп, жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталды. Ауданымызда ақыл-ой спортын дамыту мақсатында алдағы уақытта дойбы, шахмат жарыстары жиі өткізіліп тұратын болады.



Бұланды ауданының жастар ресурстық орталығы.

Ол сенің әкең

Аяқ киімін киіп, үлкендігінен сүрініп жығыласың. Көзіңдірігін тағып «мен әкемің» дейсің. Көлігінің кілтін сұрап алып отырғанға өзінді үлкен сезінесің. Болмайтын сұрақтар қойып мазалайсың. Жұмыстан шаршап келгенде «маған не әкелдің» дейсің. Күннің ыстығы, жол кептелісінен шаршап келсе де дүкенге барып өтінішінді орындайды. Балалардың алдында мақтан етесің. Ал, бүгін... ескі үлгі деп аяқ киімін кимейсің. Көзіңдірігіне мүлдем көз салмайсың. Бір кезде балаларға мақтанып көрсететін киімдерін, тұтынған заттарын көрсетуге ұяласың. Айтқан сөзін, жүріс-тұрысын жақтырмайсың. Оны достарыңа көрсетуге намыстанасың. Кешіксең уайымдайды. Уайымдағанын саған білдермейді. Телефон соқса ренжисің. Кеш келсең жанашырлықпен ұрысады. Жауап қайтарасың. Дауысыңды көтересің, үнсіз қалады. Сеннен қорыққаннан емес күтпеген соққы алғандай әсерде қалады. Кеше бала едің мойнына көтеретін. Бүгін сен одан биіксің. Кеше сөздерден қателесіп, әріптерді шығара алмаушы едің. Ал, бүгін әкенді сөзден штастырып, сөз қайтарасың, алдын орайсың. Ұмыттың. Қанша жиренсең де ол сенің әкең. Балалығыңды, білместігіңді, қателігіңді кешіретін. Бүгін оның қарттығын, ауырушандығын көтер. Тоғыз ай бойы дүниеге келгеніңді күткен еді. Дүниеге келгеніңде қуанышпен қарсы алып еді. Енді оған қабақ шытып кетуін қалауың көргендігіңнің дәлелі емес! Болып, толып өскендігіңнің белгісі емес. Әке-шешеге не істесең, бала-шағаң саған соны істейді. Адам әке-шешеге істеген пайда зиянын баласынан көрмей бұл өмірден өтпейді.

Сен өмірге келгенде ол төбесі көкке жетердей қуанды. Өмірінің жалғасы

деді. Ол сені қолынан түсірмей көтеріп жүрді. Мойнына мінгізіп еркелететін. Ал, сен бүгін оның қартайған шағында оған қаншалықты қамқор болып жүрсің. Ол өміріңнің алғашқы айларында ауызыңнан шыққан әрбір әріпке сүйсінетін. Ал, ол қартайғанда оның әрбір сөзін жылы қабылдап жүрсің бе? Ол сені тамақтандырғанда асты шайнап беретін. Ал, сен тым болмағанда нанын үзіп беріп жүрсің бе? Ол өзі тоңып жүрсе де сені киіндіретін. Аяқ киіміңді сүртетін, тазалайтын. Ал, сен әкеңе соңғы рет қашан киім алып бердің? Тым болмаса көңіліне жылу ұялата алдың ба? Ол сенің әрбір қадамыңды уайымдайды. Атқа мінгеніңде тақымын қысып, Аллага жалынып дұға жасайды. Ал, бүгін осы биіктерге өзім жеттім, ешкімнің көмегі болған жоқ дейсің ба? Сен үйленгенде жүрегі жарылғандай қуанды. Бөлек шыққанды армандайсың, болдым, тойдым дейсің. Немерелерін анда-санда апарып иіскетуге уақыт табасың ба? Сенің тіршілігіңе әрдайым ақыл-кеңес айтады. Ал, сен менің жұмысыма араласпа, бәрін өзім білемін дейсің. Көңіліне бола «сіздікі дұрыс» деп те айта аласың ба? Ауырып қалса уақыт тауып қалын сұрап жүрсің бе? Бәрін айтпа бірін айт, ол сенің әкең. Ұмытпа!

Анаң-сенің пейішің

Білесің бе? ол сені құрсағыңда көтеріп жүргенде-ақ түрлі қиындықтарға тап болды. Ұйқысы бұзылды, ашықты. Тоғыз ай бойы жатса да, тұрса да қиналумен болды. Бірақ, ол осы қиындықтар арасынан бақыт табатын. Себебі, жүрегінде сен өмірге келеді деген қуаныш ұялады. Сен дүние есігін ашар сәтте жанын шүберекке түйіп толғатты. Өліммен өмір арасында арпалысты. Алайда сыр еткен дауысыңды естігінде барлық қиындықтарын

ұмытып кетті. Түн ұйқысын неше рет бөліп, сені әлдилегенін білесің бе? Ол сені жұбатудан қанша ма танды атырды. Ол сені емізеті, шомылдыратын, жуындыратын. Былғанған киіміңнен еш жиіркенбейтін. Дәрігердің есігін қағып көмектесуді сұрады. «Балапаным аман болса осы қиыншылықтардың тағы жүзіне шыдармын» деп моншақтаған жасатарын төгетін. Ол сенің бір сәттік күлкіңнен бақыт табатын. Сенің әр басқан қадамыңнан бақыт табатын дәл сондай адам бұл өмірде жоқ. Ол сенің дені сау, иман жүзді азамат болуыңды сәт сайын Алладан тілейтін. Өзінің жыртығын жамап, саған тәуірін, бүтінін кигізетін. Мектепке қолыңнан жетектеп алып барып, сабағыңа көмектесіп, кітап, керек жарақтарыңды түгендеп алып беретін. Сенің ешкімнен кем болмауың үшін өзіне шұлық та алуға қимайтын. Ұмытпа! Сен оған ерқашан да қарыздарсың.

Әке-шеше, ата-әжесін мәпелеп отырған жастар баршылық. Қажылыққа да алып барып жатыр. Әрине оның бәрі қамқорлық. «Бала-шағаңа не көрсетсең, соны көресің» деген осы. Бірақ бес саусақ бірдей емес. Ата-ананың дәулетіне мастанғандықтан ба, әлде әке-шешенің қамқорын, ақыл-тәрбиесін көрмегендіктен бе қылмыскер, ұрылар, кісі өлтіргіштер, ажырасушылар көбейіп кетті. Заман өзгерді дейді кейбіреулер. Олай емес, заманды өзгертіп отырған қоғамдағы қатынас, тәлім-тәрбиенің аздығы. Мен қазір немеремнің қолында шебере сүйіп, ел қатарлы үлгілі жаңуа болып тіршілік етудемін. «Өзім жақсы болсам болды, басқалар қайтсе үйтсін»-деуден аулақпын. 40 жыл ел бастаған азамат тұрғысында азда болса ойымды ортаға салып, ақыл айтпақшымын.

Б. БАЙБОЛАТ, зейнеткер, қоғам қайраткері.

Әлеби кеш

Қазақтың Үш бәйтерегі

Биыл қазақтың маңдайына біткен «Үш бәйтерегінің» дүниеге келгендеріне 130 жыл. Қазақтың жоғын жоқтап, мұңын мұңдап, сол заманның қатігездігіне қасқая қарсы тұрып, шындық үшін шырылдап қайсарлықпен қолдарына қалам алған Алаш ардақтылары: Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин және Бейімбет Майлиннің еселі еңбектері бүгінгі ұрпақ үшін аңыз, үлгі, өнеге, ғыбырат. «Үш бәйтерек» атанған үшеуінің «тар жол тайғақ кешкен» тағдырлары өте ұқсас. Өйткені, аңсаған армандары, көздеген мақсаттары бір болды.

Ел үшін бастарын бәйгеге тіккен, өз өмірлерінен халқының мүддесін биік қойған үш арыстың 130 жылдығына орай Бұланды ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Макинск қаласының балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы «Үш бәйтерек-үш діңгек» атты әдеби кеш өткізді. Ұлтжанды қайраткерлердің өнегелі өмірлерін, шығармашылықтарын оқушыларға үлгі ету, көтерген тақырыптарының маңыздылығын ашып көрсету, азаматтық тұлғаларын таныта отырып жастарды ауызша сөйлеу, көпшілік алдында сөйлей білуге тәрбиелеу, шығармашылық жұмыс істеуге, мәнерлеп оқуға, өздігінен қортынды шығаруға, іздемапаздыққа үйрету, оқушыларды биік адамгершілікке, отансүйгіштікке баулуды мақсат еткен шараның тәрбиелік мәні зор болды.

Мектеп оқушылары Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин және Бейімбет Майлиннің шығармашылықтарынан үзінділер оқыды. Көпшілікке «Үш бәйтеректің» өмір жолдары жайлы слайттар көрсетіліп, мәліметтер берілді. Талантты жас ақын, әнші Нұрғиса Елешұлы «Тау ішінде» әнін орындаса, домбыра үйірмесінің домбырашылары құбырлестіріп күй төкті. «Әншуақ» вокал үйірмесінің жас әншілері әуелетіп ән шықпады. Балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығының директоры Қазыбек Қалиев Сәкеннің «Көкшетау», «Біздің жақта» әндерін шықпады. Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» повесі туралы түсірілген видеоролик көпшіліктің көңілін толқытса, Нұрай Ордабай орындаған қобыз үні жанды тебентті. Аудандық кітапхана қызметкерлері Алаш арыстары жайлы кітап көрмесін таныстырды. Жалпы алғанда танымдық мәні өте жоғары кеш болды.

«Жазушылар Одағының» негізін қалап, Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы болған кезінде «қазақты қырғыз емес, қазақ дейік», «қазақ мәдениетін көтерейік», «қазақ тілін мемлекеттік тіл жасайық», «қазақ тілінде іс жүргізейік» деп қаулы шығарған Сәкеннің, «Поэзия Құлагері» атанған Ілиястың, қазақ әңгімесінің хас шебері Бейімбеттің қалдырған еңбектері біз үшін баға жетпес байлық. Басында айтқандай үшеуінің де өмір жолдары ұқсас. Үшеуі де 1894 жылы дүниеге есігін ашып, 1938 жылы қандығөз саясаттың құрбаны болды. «Халық жауы» деп өмірлерін қиғанымен олардың қалдырған құнды дүниелері халық санасында мәңгі жаңғырып қала берді.

З. ЖАЙНАРБЕК.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕТІСТІКТЕРІ

Тұрғын үй құрылысынан зейнетақыны көбейтуге дейін: 2024 жылы Үкіметтің әлеуметтік қолдауының негізгі шаралары

Әлеуметтік төлемдер мен жалақыны арттыру, тұрғын үй құрылысы, денсаулық сақтау және білім беру салаларын жаңғырту. 2024 жылы қазақстандықтарды әлеуметтік қолдау шаралары туралы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің экономикалық даму стратегиясының негізінде азаматтардың мүддесі болуы қажет екені атап өтілді. 2024 жылы Үкімет бұл бағытты маңызды әлеуметтік бастамалармен жүзеге асыруды жалғастырды.

Премьерminister.kz сайтының редакциясы қазақстандықтардың өмір сүру сапасын жақсартуға және еліміздің ұзақмерзімді әлеуметтік-экономикалық мақсаттарын іске асыруға бағытталған осы жылдың маңызды бастамалары мен жетістіктері туралы шолулар топтамасын жариялайды.

2024 жылы Қазақстанда әлеуметтік сала қарқынды дамуын жалғастырды. Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында білім, денсаулық сақтау салаларының сапасын арттырып, азаматтарды әлеуметтік қорғауды нығайту қажеттілігін атап өтті. Осы

2024 жылы мемлекеттік бюджеттің жартысынан астамы (52,8%) әлеуметтік салаға бағытталды. Жыл сайын зейнетақыны көтеру аясында 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап төлемдер: базалық зейнетақы 7%-ға, ынтымақты зейнетақы 9%-ға инфляцияны ескере отырып, индекстелді. Нәтижесінде 2,4 млн зейнеткердің оның ішінде, БЖЗК жинақтау қорынан зейнетақы алатын 459,3 мың зейнеткердің зейнетақысы көбейді. Орташа зейнетақы көлемі 165 мың теңгеден асты. Бұдан бөлек, базалық зейнетақыны кезең-кезеңмен көбейту жұмыстары жалғасып жатыр. Сондай-ақ жұмыс беруші төлейтін міндетті зейнетақы жарнасы 2028 жылға қарай 5%-ға ұлғаяды.

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақы 85 мың теңгеге дейін артты. 1,8 млн адам, оның ішінде бюджет қызметкерлері қамтылды. 600 мың азаматтық қызметшілердің жеке-кезеңімен 20%-ға арттыру жалғасуда.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және әлеуметтік қорғау шаралары жүзеге асырылып жатыр, табысы күнкөріс деңгейінен төмен адамдар саны азайып келеді. Цифрлық отбасы картасы арқылы 8430 мыңнан астам адамға мемлекеттік қызметтер көрсетілді.

845 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылды, оның 401 мыңнан астамы жастар. 9 мыңға жуық азамат, оның ішінде мүгедектігі бар жандар және ерекше қажеттілігі бар балалы ата-аналар бизнес-идеясын жүзеге асыруға грант алды.

Мемлекеттік инвестициялар тиімділігін арттыру және сапалы жоспарлау үшін Жобалардың инновациялық навигаторы әзірленді. Бұл жүйе кадрларға қажеттілікті болжап, талдау жасайды, сондай-ақ жобаларды үйлестіруге, сапасын бақылауға және тиімділігіне мониторинг жасауға мүмкіндік береді. Платформа арқылы 755 инвестициялық жоба қадағаланып отыр. Бұл жобалар аясында 150 мыңға дейін жұмыс орнын ашу жоспарланған. Сонымен қатар навигатор қажетті еңбек ресурстары жоқ адал емес жеткізушілерді анықтауға мүмкіндік береді.

2024 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Қазақстанда интернет-платформаларда жұмыс істейтін адамдар ең төменгі әлеуметтік кепілдікпен қамтылды. Жеке кәсіпкерлер үшін e-salyqBusiness қосымшасы арқылы әлеуметтік төлем мөлшерлемелерін 4%-ға дейін төмендету және интернет-платформа операторларын салық агенттері ретінде тану арқылы жағдайлар жеңілдетілді. Бұл операторларға жеке кәсіпкерлер атынан жеке табыс салығы мен әлеуметтік төлемдерді төлеу міндетін жүктейді. «Яндекс.Такси» компаниясымен жүзеге асырылған пилоттық жоба аясында аталған тәсіл сынақтан өткізілді. 36 мыңнан астам жүргізуші Яндекс платформасында жеке кәсіпкер ретінде тіркелген. Олардың фискалдық чектер саны 36,9 млн болды. Мемлекеттік кірістер комитетінде фискализацияланған жалпы кіріс көлемі 47,5 млрд теңгеге жетті.

«Ұлттық қор – балаларға»: тұрғын үй және білім алуға арналған төлемдер

2024 жылдан бастап Қазақстанда «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бағдарламаға сәйкес Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық кірісінің 50%-ы 18 жасқа дейінгі балалардың арнайы жинақ шоттарына аударылады және оны мерзімінен бұрын шешуге болмайды. 2024 жылдың 1 ақпанынан бастап төлемдер басталды, олар Қазақстан азаматтығы бар 18 жасқа дейінгі барлық балаға арналған. 2024 жылы бағдарлама қатысушыларының шоттарына \$695,5 млн төленді.

\$30,6 млн 2024 жылы 18 жасқа толған немесе толатын балаларға төленеді. Қазірдің өзінде уәкілетті операторлар арқылы \$3,4 млн сомасына 33,5 мыңнан астам өтінімнің қаражаты банктік шоттарға аударылды. Оның ішінде \$1,8 млн сомасына 18 мыңға жуық өтінім тұрғын үй жағдайын жақсартуға бағытталса, \$1,6 млн сомасына 15,5 мың өтінім білім алу үшін төленді.

Тұрғын үй құрылысы

Тұрғын үй құрылысы әлеуметтік саясаттың маңызды элементі болып табылады. 7 жыл ішінде Қазақстанда 111 млн шаршы метр тұрғын үй салынуы керек. Сондай-ақ 2024 году жылы тұрғын үй құрылысы 18 млн шаршы метрге жетеді. Осылайша 1 млн-нан астам отбасы баспанмен қамтылады.

Тұрғын үйді уақытылы пайдалануға беру үшін Астана, Шымкент және облыстар әкімдіктері биыл қолданысқа берілетін нысандар нақты көрсетілген Жол картасын әзірлеп, бекітті. Қаңтар-қазан аралығында 14 млн шаршы метр тұрғын үй немесе 123,8 пәтер мен үй пайдалануға берілді.

Бұдан бөлек, 2024 жылы ел бойынша тұрғын үйлердегі 200-ден астам лифтіні ауыстыру жоспарланған. Бұл өз кезегінде мыңдаған қазақстандықтың өмір сүру деңгейін жақсартпақ.

Денсаулық сақтау және инфрақұрылымды дамыту

2024 жылы әсіресе ауылдық жерлердегі денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамыту жұмыстары жалғасын тапты. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» Ұлттық жоба аясында 655 бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсету жоспарланған – 257 медициналық пункт, 238 фельдшерлік пункт және 160 дәрігерлік амбулатория. 251 нысан құрылысы аяқталды. 16 медициналық қызметтерді шалғай елді мекен және ауылдық жерлердегі халыққа қолжетімді етеді. 1 мыңнан астам жұмыс орны ашылды.

Бұдан бөлек, фельдшерлік-акушерлік пункттер мен дәрігерлік амбулаторияларды қоса алғанда, жаңа денсаулық сақтау нысандар құрылысына қаражат бөлінді.

Еліміздегі әлеуметтік саясаттың басты міндеттерінің бірі – ана өлімін азайту. 2024 жылғы көрсеткіштер былтырғы жылмен салыстырғанда 15%-ға жақсарған.

Жаңа бағдарламаларды енгізу, оның ішінде клиникалық хаттамаларды қайта қарау, босануға тарифтерді арттыру денсаулық сақтау саласындағы жағдайды айтарлықтай жақсартуға септігін тигізді.

Биыл амбулаториялық деңгейде жалпы сомасы 212,8 млрд теңгеге 3,5 млн пациент дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілді. Амбулаториялық көмекті жақсартуға басымдық бере отырып, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр.

Денсаулық сақтау министрлігінде дәрілік заттар мен медициналық заттарды тіркеу, бағасын белгілеу процестерін цифрландырумен, сондай-ақ олардың есебін жүргізу және айналымының цифрлық жүйесін жасаумен айналысатын жобалық кеңсе құрылды. Бұл жүйе дәрі-дәрмек саясаты процестерін кешенді талдау функциясын қамтиды. Нәтижесінде дәрілердің объективті бағасын анықтап, үстеме баға қосуға жол



ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫНАН ЗЕЙНЕТАҚЫНЫ КӨБЕЙТУГЕ ДЕЙІН: 2024 ЖЫЛЫ ҮКІМЕТТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ШАРАЛАРЫ

бермейді.

Білім беру және мектепке дейінгі тәрбие

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Жайлы мектеп» Ұлттық жобасы белсенді іске асырылуда, оның мақсаты бүкіл еліміз бойынша заманауи, қауіпсіз әрі қолжетімді білім беру мекемелерін ашу. Жоба мектеп оқушыларын оқыту үшін жағдайды жақсартуға, сондай-ақ мектептерді заманауи технологиялармен жабдықтауға және уақыт талаптарына жауап беретін инфрақұрылым дайындап, білім беру сапасын арттыруға бағытталған.

Жобаны іске асыру шеңберінде жаңа мектептердің 40%-дан астамы ауылдық жерлерде салынды. Онда оқу кабинеттері, STEM-зертханалар, робототехника кабинеттері, хореография және спорт залдары, демалыс аймағы мен нетворкинг бар. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін де жағдайлар қарастырылған. Сыныптарда интерактивті тақталар мен компьютерлер орнатылған. Барлығы 36 жаңа жайлы мектеп пайдалануға берілді, оның 15-і ауылдық елді мекендерде салынды. 31 желтоқсанға дейін 76 нысан есігін айқара ашды.

Білім беру саласында 2024 жылы балалардың мектепке дейінгі білімге қол жеткізуін жақсарту бойынша жұмыстар да жалғасын тапты. Бүгінгі таңда Қазақстанда 11,6 мың мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді, онда 988 мыңнан аса бала тәрбиеленуде, мектептерде мектепалды даярлықпен 160 мың бала қамтылды. Балаларды қамту 92,5%-ға жетті, 62,3 мың орындық 547 жаңа балабақша ашылды. Мектепке дейінгі ұйымдарда 4,2 мыңнан астам консультация пункті жұмыс істейді.

Білім беруді цифрландыруға ерекше көңіл бөлінеді, мысалы, ата-аналарға бала күтімі бойынша консультациялық көмекке қол жеткізуге мүмкіндік беретін «Беске дейін үлгер» мобильді қосымшасы іске қосылды. Сондай-ақ мектеп жасына дейінгі балаларды дамытудың жеке картасы цифрлық форматқа аударылды. Ол Ұлттық білім беру дерекқорымен біріктірілген, бұл ақпаратты мектептерге жіберуге мүмкіндік береді әрі мектепке дейінгі және бастауыш білім беру арасындағы үздіксіз ауысуды қамтамасыз етеді. Бұл жаңалық бастауыш сынып мұғалімдері үшін балалардың мектеп бағдарламасын одан әрі дамытудың маңызды құралына айналды.

«Қаражатты баланың соңынан ілестіру» қағидатын іске асыру мақсатында білім беру қызметтерін алушылар бойынша дербестендірілген білім беру қызметін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын (бұдан әрі – мемлекеттік тапсырыс) орналастырудың жаңа тетігі әзірленді, ол осы жылдың қыркүйек айынан бастап Шымкент, Тараз және Түркістан қалаларында сынақтан өткізілді.

Пилоттық жобаның мақсаты мектепке дейінгі ұйымдарды қаржыландыру процесіне мемлекеттік қызмет көрсетудің ашықтығын қамтамасыз ету болып сана-

лады.

Студенттердің шәкіртақысын өсіру

Қазақстанда инновациялық экономика құру және білім деңгейін арттыру мақсатында студенттер, ғалымдар үшін жағдайды жақсарту, ғылыми зерттеулерді дамыту үшін маңызды қадамдар жасалды. Осы шаралардың барлығы елімізді ғылыми-техникалық прогресс жолына көбірек қатарына қосуға мүмкіндік береді.

Білім беру жүйесіндегі ең маңызды қадамдардың бірі студенттерге арналған шәкіртақыны көбейту болды. Мемлекет басшысының тапсырмалары аясында 2020 жылдан бастап елімізде шәкіртақыларды арттыру бойынша дәйекті жұмыстар жүргізілуде, 2025 жылға қарай олар ЖОО студенттері үшін 2 есе, магистранттар мен докторанттар үшін 1,75 есе көбейеді деп жоспарлануда.

Бакалавриат студенттерінің шәкіртақысы 20%-ға, 47 135 теңгеге дейін, ал педагогикалық және медициналық бағыттағы студенттер үшін – 75 600 теңгеге дейін ұлғайтылды. Интердердің стипендиясы енді 85 376 теңгені, ал резиденттердің стипендиясы – 123 122 теңгені құрайды. Магистранттардың стипендиялары 15%-ға, 107 061 теңгеге дейін, ал докторанттар үшін – 240 000 теңгеге дейін көбейді.

Жоғары білім беруді жаңғырту және халықаралық серіктестіктер

Қазақстанда жоғары білім беруді дамыту және жаңғырту, оның ішінде шетелдік университеттермен стратегиялық әріптестік орнату арқылы да жалғасуда. 2021 жылы жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасы қабылданды, ол 2025 жылға дейін елімізде шетелдік жоғары оқу орындарының кемінде 12 филиалын ашуды көздейді. Осы тұжырымдама аясында 12 елдің, соның ішінде Ұлыбритания, Германия, АҚШ, Франция және Оңтүстік Кореяның университеттерімен 23 стратегиялық серіктестік пысықталды. 2024 жылдың қазан айында стратегиялық серіктестер – 67 шетелдік университеттің 120 өкілі қатысқан форум өтті. Жаңа оқу және ғылыми әріптестік құру Қазақстанға жаһандық білім беру кеңістігіне кірігуге көмектеседі әрі студенттердің ең заманауи білім беруге және ғылыми әдістемелерге қол жеткізуін қамтамасыз етеді деп күтілуде.

Отандық ғалымдар мен ғылыми жобаларды қолдау

Гранттық бағдарламалар мен докторантурадан кейінгі зерттеулер арқылы отандық ғалымдарды қолдау және дамыту да маңызды бағыт саналады. Осындай бастамалардың жарқын мысалдарының бірі – Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау аясында әзірленген және жас ғалымдарды қолдауға бағытталған «Жас ғалым» жобасы.

2021 жылдан 2024 жылға дейін гранттық қаржыландыруға 16 конкурс өткізілді. Нәтижесінде жас ғалымдар 2 мыңнан астам ғылыми жобаны жүзеге асырды. Оның ішінде 686 жоба инженерлік білім мен технологияларды академиялық зерделеуді дамытуға

бағытталған докторантурадан кейінгі бағдарлама аясында жүзеге асырылуда.

Сондай-ақ «Жас ғалым» бағдарламасы бойынша 2025-2027 жылдарға арналған жаңа конкурс жарияланды, бұл еліміздің ғылыми әлеуетін одан әрі дамытуды қамтамасыз етеді.

Ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру және инновацияларды дамыту

Сондай-ақ маңызды күш-жігер ғылыми әзірлемелер мен технологияларды коммерцияландыруға бағытталған, бұл инновациялық экономиканы құрудың маңызды міндеттерінің біріне айналды. Ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру бойынша 5 конкурсты іске асыру шеңберінде ғылымды қажетсінетін өнімді сатудан түскен кірістерді, қоса қаржыландыру мен салықтық түсімдерді қосқанда, 97 млрд теңгеден астам қаражат алынды. Бұл ретте ғылыми зерттеу өнімінің экспорты 571 млн теңгені құрады.

Осы жетістіктер негізінде венчурлік қаржыландыруды одан әрі дамыту, технологиялық стартаптарды қолдау үшін қорлар құру және ғылыми-акселерациялық бағдарламаларды дамыту жоспарлануда. 2025 жылы стартаптар мен коммерцияландыру кеңселері үшін коммерцияландыруға жәрдемдесу бағдарламасы іске қосылады, бұл ғылым мен технология саласындағы кәсіпкерлер үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.

Бірегей ғылыми өнімдер мен технологияларды дамыту

Отандық ғылымның маңызды жетістігі бірегей өнімдерді дамыту. Мысалы, тазартылған селен 2023 жылға дейін Қазақстанда өндірілмеген. Селен фармацевтика, жартылай өткізгіш өнеркәсібі және металлургия сияқты әртүрлі салаларда қолданылатын маңызды элемент саналады. 2023 жылы «Қазақмыс Прогресс» ЖШС өндірістік қуаты арқылы селенді тазарту бойынша уәкеле пайдалануға берілді. Технология сапасы 99,5%-дан асатын жоғары тазалықтағы селен алуға мүмкіндік береді. Бұл аталған жоғары технологиялық салада Қазақстан үшін жаңа перспективалар ашады. Алдағы жылдары қуатын кеңейту және құрамында селені бар материалдарды қайта өңдеудің жаңа әдістерін енгізу жоспарлануда, бұл елімізде кірістерді ұлғайтуға және жаңа жұмыс орындарын ашуға ықпал ететін болады.

Сонымен қатар Қазақстанда онкологиялық аурулармен күресуге бағытталған жаңа дәрілік препараттар белсенді әзірленуде. Осындай жобалардың бірі – D-изоаскорбин қышқылы негізінде дәрі-дәрмек жасау. Ол KRAS мутациясы бар қатерлі ісіктерді емдеу үшін қолданылады. Nazarbaev University қолдаған жоба фармацевтика саласындағы маңызды қадам болды және Қазақстанда онкологиялық ауруларды емдеуді айтарлықтай жақсарту алады. Биыл жоба одан әрі клиникалық зерттеулер мен емдеу әдістерін әзірлеу үшін 2,1 млрд теңге сомасына мақұлданды.

Primeminister.kz

АУДАН ТЫНЫСЫ – ПУЛЬС РАЙОНА

Мәслихат жаңалықтары: өзгерістер енгізіліп, шешімдер қабылданды

Әлішер Кенжеғалиевтің төрағалығымен аудандық мәслихаттың тұрақты комиссиясының отырысы өтті.

Аудандық мәслихаттың «2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу сұрағы бойынша аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Валентина Гылка сөз сөйледі.

Макинск қаласының әкімі Молдағали Кеженев Макинск қаласының бюджетіне өзгерістер енгізу туралы сұрағы бойынша баяндама жасады.

Депутаттар ұсынылған өзгерістер мен жобаларды талқылап, аудан мен Макинск қаласының тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін бюджет қаражатын басқаруға стратегиялық тәсілдің маңыздылығын атап өтті.

Отырыс барысында аудандық сайлау комиссияларының құрамына өзгерістер енгізу мәселелері бойынша мәслихат аппаратының басшысы Бибігүл Сыздықова баяндады.

Тұрақты комиссия отырысында қаралған мәселелер мәслихаттың кезектен тыс сессиясына шығарылды.

Бұланды ауданының әкімі Ардақ Смайылов және аудан әкімінің орынбасары Ораз Смағұловтың қатысуымен аудандық мәслихаттың жиырма төртінші кезектен тыс сессиясы өтіп, онда 2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджетке және Макинск қаласының бюджетіне өзгерістер қабылданды, оның барысында: экономика және қаржы бөлімінің басшысы Валентина Гылка және Макинск қаласының әкімі Молдағали Кеженев тыңдалды. Депутаттар бюджетті түзету басым мәселелерді шешу үшін қаражатты тиімді пайдалануға мүмкіндік беретінін және қала мен ауданның одан әрі дамуын қамтамасыз ететінін атап өтті.

Сондай-ақ, отырыс барысында ауданның бюджеттік комиссиясына өзгерістер, сондай-ақ учаскелік сайлау комиссияларына өзгерістер енгізілді.

Күн тәртібіне шығарылған барлық сұрақтар бойынша бірауыздан шешімдер қабылданды.

Аудандық мәслихат аппараты.



Новости маслихата: внесение изменений, принятие решений

Состоялось заседание постоянной комиссии районного маслихата под председательством Алишера Кенжеғалиева.

По вопросу о внесении изменений в решение районного маслихата «О районном бюджете на 2024-2026 годы» информировала депутатов руководитель районного отдела экономики и финансов Валентина Гылка.

Аким города Макинска Молдағали Кеженев выступил с докладом по вопросу о внесении изменений в бюджет города Макинска.

Депутаты обсудили предложенные изменения и проекты, подчеркнув важность стратегического подхода к управлению

бюджетными средствами для обеспечения устойчивого развития района и города.

В ходе заседания выступила руководитель аппарата маслихата Бибигүл Сыздықова по вопросам внесения изменения в составы избирательных комиссий района.

Вопросы, рассмотренные на заседании постоянной комиссии, были вынесены на внеочередную сессию маслихата.

С участием акима района Ардака Смаилова и заместителя акима района Ораза Смағұлова состоялась двадцать четвертая внеочередная сессия районного маслихата, на которой были приняты изменения в районный бюджет и бюджет города Макинск на 2024-2026 годы, по которым были заслушаны руководитель отдела экономики и финансов Валентина Гылка и аким города Макинска Молдағали Кеженев.

Депутаты отметили, что корректировки бюджета позволят эффективно использовать средства для решения приоритетных вопросов и обеспечить дальнейшее развитие города и района.

Также в ходе заседания были внесены изменения в бюджетную комиссию района, а также изменения в участковые избирательные комиссии.

По всем вопросам, вынесенные на повестку дня, были приняты единогласные решения.

Аппарат районного маслихата.



Ақсақалдар кеңесі: жұмыс нәтижелері

Жуырда аудандық әкімдікте өткен ақсақалдар кеңесі кезекті отырысында осыдан бұрын бірнеше мәрте қозғалған мәселе тағы да ортаға салынды. Ол – аудан орталығында орналасқан «Айзере» тойханасының халыққа көрсетіп жатқан қызметінің сапасына назар аудару. Нақтылай айтқанда, қыс мезгілінде мейрамхананың көлемі үлкен болғандықтан, іші суық болып, әсіресе дұға-астарға жиналатын жамағат үшін бұл қолайсыз жағдай тудыратын. Сонымен қатар, қол жууға арналған ыстық су көзделмеген еді. Шын мәнінде, қызмет көрсету сапасы жоғары болған нысандары қызмет алушылардың ризашылығын арттырады. Жылы, жарық, әсем, барынша қолайлы жағдай жасалған ғимарат – заман талабы және бәсекеге қабілетті болудың басты шарты. Макинск қаласында дұға бағыштап, ас беретін арнайы орын болмағандықтан, халықтың басым көпшілігі аруақтарды еске алу шараларын өткізу үшін мейрамханаларға жүгінуге мәжбүр. Әрине, той-томалақ өткізілетіп, арақ-шарап құйылатын жер дұға жасауға ыңғайсыз, бірақ рухани іс-шараларға арнайы орын салу мәселесі Ақсақалдар кеңесі кеңінен көтеріп жатқанын да айта кеткен жөн. Осылайша, «Айзере» мейрамханасы қаламыздағы іс-шаралар өткізуге арналған ірі орындарының бірі болғандықтан, залды жалдап алушылар саны аз емес, демек, қызметтерді де сапалы түрде көрсету абзал деген ойды алға тартқан Ақсақалдар кеңесі жеке кәсіпкерлер - тойхана иелері Нұрлан мен Перизат Мырзахметовтармен кездесіп, халықтың тілегін жеткізіп, ұсыныстарын айтты. Тойхана иелері ауданымыздың абыройлы азаматтарды үлкен ықыласпен тыңдап, пікірі мен ұсынысын жерге тастамай, жуық арада мейрамханада орын алған кемшіліктерді жойып, ғимараттың жылыту жүйесін дұрыстап, қол жуатын жерлерге ыстық суды қамтамасыз ететін қондырғылар орнатты. Осылайша, еңбек ардагері Шахман Құсайынов бастаған ауданымыздың Ақсақалдар кеңесінің мүшелері халықтың көкейінде жүрген, нақты шешімді талап ететін мәселерге ықпалы бар екеніне көз жеткізіп, кәсіпкерлерге алғысын білдірді.

Совет аксакалов: работа на результат

Недавно на очередном заседании районного Совета аксакалов, прошедшее в акимате района, в очередной раз был поднят вопрос, который обсуждался членами совета и ранее. Речь зашла о качестве предоставляемых населению услуг рестораном «Айзере». Если быть точнее, говорили о том, что в ресторане в зимнее время бывает зачастую прохладно. Это создает неудобства, особенно во время проведения поминальных обедов. Кроме того, наблюдалось отсутствие в уборных комнатах горячей воды для мытья рук. Ни для кого не секрет, что высокое качество обслуживания влияет на позитивный имидж объекта и повышает его конкурентоспособность. Все мы хотим проводить время в теплом, светлом, красивом здании со всеми удобствами. Это требование времени и развитие современных отношений между клиентами и услугодателем. Поскольку в районном центре нет специального места для проведения поминальных обедов, подавляющему большинству людей для проведения обрядовых мероприятий приходится обращаться в рестораны. Конечно, место, где проходят праздники, употребляются алкогольные напитки, не совсем подходит для совершения молитв, но стоит отметить, что вопрос строительства специального места в городе Макинске для проведения религиозных и поминальных мероприятий широко поднимается Советом аксакалов. Возвращаясь к теме ресторана «Айзере», следует отметить, что он является одним из крупных и просторных мест для проведения мероприятий в нашем городе. Здание красивое и снаружи, и внутри, просторный зал выполнен в современном дизайне. Количество людей, арендующих зал, большое, поэтому вопрос качества услуг очень актуальный. Руководствуясь принципами взаимного диалога, члены районного Совета аксакалов лично встретились с индивидуальными предпринимателями – владельцами ресторана – Нурланом и Перизат Мырзахметовыми, донесли чаяния и наказы населения. Нурлан и Перизат с большим уважением выслушали аксакалов, заручились в ближайшее время устранить все имеющиеся недостатки, не оставив без внимания каждое мнение и предложение. Результат не заставил себя долго ждать, и вскоре замечания были устранены: в ресторане наладили систему отопления, установили обогреватель воды. Таким образом, члены Совета аксакалов нашего района, под руководством ветерана труда Шахмана Кусаинова, оказали прямое влияние на вопрос, который являлся насущным, выразив, в свою очередь, благодарность предпринимателям за оперативную обратную связь.

А. АМАНЖОЛОВА.

Үш бәйтерек, үш діңгек

«Балалар жасөспірімдер – шығармашылық орталығында» қазақ жұртының ХХ ғасыр басындағы ақыл-ойы, көрер көзі, қайтпас патриоттары болған, бүгінгі күні «Үш бәйтерек» аталып кеткен Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлинге арналған «Үш бәйтерек, үш діңгек» атты әдеби кеші өтті. Тарихта «Қазақтың үш бәйтерегі» С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіровтердің өмірі мен шығармашылығын терең түсіндіру, елін сүйген қайраткерлердің еңбектерін оқушыларға, көрермендерге үлгі-өнеге ету, олардың білімін тексеру, ойлау қабілеттерін дамыту, тапқыр сөйлеуге, салмақты ойлауға баулу мақсатындағы әдеби кешіміздің заманауи тәсілде ұйымдастырылуы көңілге қуаныш ұялатты.

Кеш барысында «Радуга» би үйірмесі, «Ән шуақ» вокал үйірмесі, домбыра үйірмесінің тәрбиеленушілері өз өнерлерін көрсетіп, көрерменнің қошеметіне бөленді.

Мектеп оқушылары ақынның өлеңдерін оқыды. Ауданымызға танымал ақын Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, тілдерді оқыту орталығының басшысы Зандыбай Жайнарбек шәкірттеріне, ақынға арнап өз өлеңдерін оқыды.

Шара барысында Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлинге арналған өмірі мен еңбектеріне арналған кітап көрмесі ұйымдастырылды, ондағы кітаптар мен деректерді кітапхана қызметкері жиналған қауымға таныстырды. Үш қаламгердің тағдыры мен шығармашылығы жайлы, сол замандағы әдеби үдеріс жөнінде қызықты да танымды деректер айтылды Кешке арнайы шақырылған қонақтар өздерінің лебіздерін білдірді.

Балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы.



ЖОЛДАУҒА - ҚОЛДАУ – ЗА СТРОКОЙ ПОСЛАНИЯ

Тәуелсіздіктің тұғыры берік болғай!

